

◆ ШІЛДЕНІҢ ЕКІНШІ ЖЕКСЕНБІСІ - БАЛЫҚШЫЛАР КҮНІ

# Жағалау ауылдарының тарихы тереңде

Балықшы ауылдық округінің атқарушы билік органы болып қалыптасуының бастауы өте ертеден басталады. 1928 жылы 17 ақпанда Күршім ауданы құрылса, ұзамай екі жылдың ішінде 1930 жылы Балықшы ауылдық кеңесі құрылыпты. Ауылдық кеңесінің орталығы Ақсуат ауылы болып, жағалау тұрғындарының балаларына арналған 7 жылдық мектеп Жолнұсқау ауылында болған екен. Зайсан көлінің жағасына жергілікті тұрғындардың қашаннан бері қоныс тепкені туралы нақты дерек жоқ. 1905-1910 жылдары жағалауға орыс ұлты өкілдері көптеп келіп қоныстанып, жергілікті тұрғындар балық аулаудың қыр-сырын солардан үйреніп, балық аулауды негізгі кәсіптеріне айналдырған.

Қазіргі ауылдық округке қарасты Ақсуат, Жолнұсқау, Аманат ауылдарының атауларының да өзіндік тарихтары бар. Ақсуат ауылының (кей мәліметтерде Ақмола деп аталып жүр) тұсында су жағасында есілген қалың ақ құм болыпты. Қыр халқының малдары су ішуге сол ақ құм арқылы көлге түседі екен. Бертін келе осы жер Ақсуат аталған екен. Суат деген сөз мал су ішетін құдық деген мағынаны береді.

Жолнұсқау ауылының екінші аты Қызылөгіз болған. Ертеде сол маңда біреулердің қызыл өгізі өліп, сол жаққа бара жатқан адамдар «Қызыл өгіз өлген жерге барамыз» деп содан жер аты солай аталып кеткен ғой. Бертінде ауылдың маңайының бәрінде жан-жаққа баратын жолдардың көптігінен Жолнұсқау деп аталыпты.

Аманат ауылының тұсында өмір сүрген Жұман деген байдың қызы Салиқаға Қасым деген жалшысының Жантас атты ұлы ғашық болыпты. Екі жас бір-бірін жақсы көргенімен Жұман бай жалшысының ұлына қызын бергісі келмей қарсы болған ғой. Әкесінен тығылып оңаша жолығып жүрген жастар қысты күні жылқы қайырып жүргенде қатты боран соғып, адасып боранда үсіп құшақтары айқасқан күйі қайтыс болады. Намыстанған Жұман бай қызын іздемей жерлеуден бас тартқанда Жантасың әкесі Қасым екі жастың мәйітін тауып алып, сол қайтыс болған жерге жерлеп аманат етіп қалдырған екен. Содан бастап ауыл тұрған жер Аманат аталыпты.

Аудан орталығы мен балықшы елді мекендерін қосып жатқан негізгі жол Арқауыл жотасын асып Тораңғы шығанағын бойлап өтеді. Арқауыл жотасының атауы шапырашты Қазыбек бек Тауасарұлының «Түп-түкияннан өзіме шейін» деген кітабында жазғандай 1175 жылы алпыс жеті жастағы батыр бабамыз Қабанбай жоңғардың жиырма жастағы жігіті Арқауылды жекпе-жекте өлтіріп сол жоңғар батырының атымен аталып кеткен екен. Сол сияқты Жолнұсқау мен Аманат ауылының ортасындағы Шәкірміс тауы да жоңғардың ағайынды екі батыры Шәкір және Міс-тің атымен аталған деген аңыз бар. Шәкірміс атауы интернетте Шекелмес деп аталып жүр. Бұл жер атауын орысша бұрмаланғандықтан туған сөз болуы керек. Шәкірміс тауының астында миллион жылдық тарихы бар Шарықсай аталатын коньен, су жағасындағы минералды су көзі шығыс жағындағы кварц құмы бар жер телімі, Шәкірміс пен Бүйрек тауының астындағы көмір қорлары болашақта туризмді дамытуға, өнеркәсіп орындарын ашуға бірден бір қолайлы жерлер болатыны анық. Сонымен қатар, Аманат ауылының солтүстік-шығысында орналасқан ғалымдар рельефин Марсқа теңеп жүрген Қиын-керіш шатқалдарының туризм бағытындағы әуелеті ерекше зор.

Осы уақытқа дейін ауылдық округте атқарушы билік орнында 17 адам басшылық қызмет атқарыпты. Атап айтқанда балықшы ауылдық кеңесінің төрағасы болып 1930-33 жылдары Күшікпаев Мәнән, 1933-36 жылдары Байболов Әмірхан, 1936-41 жылдары Қоңырбаев Шерияздан 1941-57 жылдары Сәлімбаев Кәлкен, 1957-1959 жылдары Толықбаев Қабдолда, 1959-63



Суретте: Жолнұсқау учаскесінің балықшылар бригадасы 1970 жыл бригадир Сайпіш Қарағызов.

жылдары Әубәкіров Әлімжан, 1963-77 жылдары Рахметқалиев Найманғазы, 1977-81 жылдары Ақтеменов Есманбек, 1981-85 жылдары Солтанов Мәлік, 1985-86 жылдары Сәдуақасов Құмар, 1986-98 жылдары әкімшілік басшысы Қабылғазин Ғалым, 1998-2009 жылдары Қарағызов Қуанған, 2009-12 жылдары Дүзбаев Сәндібек, 2012-2014 жылдары Жұмағұлов Еркін, 2014-2019 жылдары Құрманғалиев Ержан, 2019-2021 жылдары Жолдасбаев Берікхан ауылдық округ әкімі қызметін атқарды. 2021 жылдан бастап округ әкімі болып Тлеубаев Ержан қызмет етіп жатыр.

Ертеректе Бұқтырма су қоймасының жағалауында жергілікті халық ру-ру болып, жақын ағайын-туыстармен бірге жеке-жеке қоныстанған. Балықшы ауылдық округінің елін сол кезде негізінен Қоржын, Ақсуат, Қарағанды, Қызыл өгіз, Мөнекей деген жерлерде қоныстануына байланысты «Бес балықшы» деп те атаған. Сол кездің өзінде де Қарақас, Қарағанды, Жалаңашта кәдімгідей үлкен балық қабылдайтын пункт болған екен. 1950-ші жылдары Қоржын, Ақсуат елді мекендерінің халқы бірігіп «Жаңа тұрмыс» колхозын құрып, Ойран, Құлажорға телімдерінде егін егумен де айналысыпты.

1955-60 жылдары Бұқтырма су қоймасында су электр станциясының салынуына байланысты жағалау халқының өміріне үлкен өзгеріс енген. Су деңгейінің көтерілуіне орай жағада 10-15 үйден жеке-жеке қоныс тепкен шағын ауылдар бірігіп ірі елді мекендер пайда болған. Сол жылдары Бұқтырма су қоймасының бойындағы Аманат ауылынан бастап Свинчадқаға дейінгі аралықта отыз елді мекен су астында қалыпты. Олар: Мөнекей, Кіші Жалаңаш (баклан) үлкен Жалаңаш (Барход), Көкжыра, Шилиқарын, Жолнұсқау, Қарағанды, Тақмөшке, Кенжебай, Ақсуат, (Ақмола) Әбетай ауылы, Қарашүмек, Қоржын, Қарақас, Жанбай, Ойран, Жәдік ауылы, Құлыбай, Көкжыра, Қаражыра, Тастоғам, Қос ағаш, Камышенко, Құйған, Қызылту, Славянка (орыс ауылы) Мақпал, Шортан, Құлажорға елді мекендері. Балықшы ауылдық округіне қарасты Ақсуат, Жолнұсқау, Аманат, ауылдарының іргетастары да сол жылдары қаланған. Ақсуат ауылында 10 жылдық мектеп, оқушыларға арналған интернет салынып, екі ауылдың балалары бастауыш сыныптан кейін осы интернатта тұрып оқыған. Сол кезде Ақсуат ауылының құрылысына, көркеюіне өзіндік үлестерін қосқан Егінбаев Мұқаметқали, Мейірбаев Құсман, Байғабылов Рамазан аталарымыздың атына ауылдың үш көшесінің атауы беріліп, 2000-шы жылдың басында облыс көлеміндегі деңгейде ас берілді. Егінбаев Мұқаметқали мен Мейірбаев Құсман аталарымыз сол жылдары

бөлімше басшылары болып қызмет атқарса, Байғабылов Рамазан атамиз балықшы, балықшылардың бригадирі болып ерең еңбегі үшін «Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген жеңіл өнеркәсіп қайраткері» атағын алған. Мейірбаев Құсман атамиздың ұлы Атантай ағамыз өмір бойы облыстың сот-сараптау мекемесінің басшысы қызметін атқарып, қазір еңбек демалысында. Ал Байғабылов Рамазан атамиздың ұлы Рамазанов Сейтқарім тоқсаныншы жылдары ауданымызды басқарып, сол кезде балық заводының орталығын Құйғаннан Ақсуат ауылына көшіріп, Жағалау халқының дамуына үлкен бір үлес қосқан тұлға.

Әр жылдары балық шаруашылығы «Бес балықшы», «Жаңа тұрмыс», «Қарақасбалық аулау заводы», «ХХ партия съезі атындағы ұжымшар», «Ақсуат балық аулау заводы», «Бұқтырма балық аулау заводы», «Күршім балық аулау заводы», «Арсат балық» Акционерлік қоғамы деген атаулармен аталды. Сол жылдары балық шаруашылығында завод директорлары, бөлімше басшылары болып, Тоқтарбек Кітапбаев, Ермекбай Данияров, Кәбіләшім Аманов, Әбен Нұрқасымов, Қабдрахман Жәмкенов, Қыдыш Қалитов, Сапарбек Саденов, Сайлаукең Алешов, Төлеухан Сабитолдин, Сайлау Рамазанов, Ақанбек Құсайынов, Сағатбек Рахимжанов, Нүкен Дүсіпов, Ахметқали Қырықбаев, Құсман Мейірбаев, Мұхаметқали Егінбаев, Қабдуали Рахымжанов, Асылбек Әділбеков, Ақаш Қарағызов, Нұрлда Бұқатов, Байекенов, Қасымбек Қабиев, Солтан Қадылов, Шайсолтан Сарсеков, Ақан Әзілбеков, Әділбек Жәнібаев, Сейтқожа Рахимжанов Байбөрі Тлеуенов, Санақбек Кітапбаев, Алтынбек Қасымханов, Тұрсынбек Дәрменов сынды аталарымыз бен ағаларымыз басшы қызметтер атқарған.

Өткен ғасырдың 90 жылдары бүкіл Республикамыздағы сияқты балық заводы да жекешелендіруге ұшырап «Арсат-балық» акционерлік қоғамы болып біраз жылдар жұмыс атқарып, артынан аталған кәсіпорын банкротқа ұшырауына байланысты «Восток-бизнес компаниясы» ЖШС-гі Жолнұсқау учаскесінде балық аулатып, кейіннен жағалау халқының балық өндірісі түгелдей «Төретоғам» ЖШС-нің иелігіне өтті. Кәсіпорын 2014 жылдың мамыр айында еурономер алды. Бүгінгі таңда кәсіпорын балық өнімдерін Ресейге, Қытайға және Литваға экспорттайды. Жерлесіміз Қасымханов Нұрлан Есімханұлы басқарып отырған «Төретоғам» ЖШС-де 3 цех бар, оның ішінде тәулігіне 14 тонна филе өңдеу, күніне 10 тонна балық ұнын өндіру цехтары және 75 тонна летаргиялық цех бар. Кәсіпорын күніне 30 тоннаға дейін балықты қабылдап, мұздатып, балық өнімдерінің 12 түрін шығара алады. Күршім ауданының аумағында Зайсан

көлі мен Бұқтырма су қоймасының жағасында 6 елді мекен орналасқан. «Төре-Тоғам» және «Дигам» ЖШС 22 жеке кәсіпкермен шарт негізінде жұмыс істейді. Оның ішінде 16 жеке кәсіпкер «Төре-Тоғам» ЖШС құрылтайшылары болып табылады. Жеке кәсіпкерлердің қарамағында барлығы 160 балықшы жұмыс істейді.

Балық шаруашылығының толық циклде жұмыс істеуін қамтамасыз ету мақсатында 1962-67 жылдары Бұқтырма су қоймасының жағасында қазіргі Мульковое елді мекенінде «Бұқтырма уылдырық шашу-өсіру шаруашылығы» салынды.

Қазақстан Республикасында «Бұқтырма уылдырық шашу-өсіру шаруашылығы» ЖШС ең ірі болып табылады. Жалпы ауданы-1200 гектар, 56 тоған мен үш мың бөгеттен тұратын үлкен балық питомнигі маусымда 10 миллионға дейін шабақтар өсіре алады. Бұл күрделі инкубация процесі жүргізілетін аймақтағы жалғыз балық шаруашылығы. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің таңындағы Бұқтырма уылдырық шашу-өсіру шаруашылығы 1994 жылғы шілдеде құрылған, қайта тіркеу арқылы 2008 жылғы 22 сәуірде «Бұқтырма уылдырық шашу-өсіру шаруашылығы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі болып қайта құрылды. Негізгі қызмет-шабақ өсіру, жас өскіндер өсіру және тауарлық балық өндіру. Өндіріс орнына жаңадан іскер басшы Ануарбеков Сымбаттың келуіне байланысты жұмыс жаңданып, «Бұқтырма уылдырық шашу-өсіру шаруашылығы» 2022 жылы кәсіпорынды жаңғырту мақсатында 310 млн.теңге грант ұтып алып, балықтың басқа түрлерін шығыс климатына бейімдеу жұмыстарын жүргізіп жатыр. Соның бірі – бекіре балығы. Қазіргі өсіріп жатқан бекіре балығы Каспий бекіресі деп аталады. Зайсан көлінің жергілікті бекіресі қазіргі бекіреден бөлек болатын. Қазіргі өсіріліп жатқан бекіре балығы жіңішке ұзыншақ, тұмсығы үшкір болып келеді. Ал жергілікті бекіре балығы жұмыр, басы домалақ болып келетін. Тамағының астындағы тесігі арқылы аузымен сорып алған суды шығарып құрамындағы қажетті қоректік заттарды сүзіп алып қалады екен. Жергілікті бекіре балығы уылдырық шашар кезде Ертіс өзені арқылы Обь өзеніне өрлеп сол жақта уылдырықтарын шашып, көбейіп қайта келетін болғандықтан Бұқтырма су электр станциясы салынғаннан кейін жүзу жолдары бекітіліп жоғалып кетті. Алайда, бертінде дейін бірлі жарым жергілікті бекіре балығының ауға, сүзгі ауға түскен кездері болған. Бекіре, ақбалық балықтарының көп шоғырланған жері Жолнұсқау мен Аманат ауылының ортасындағы Жалаңаш учаскесінде болған. Марқұм әкеміз Қарағызов Сайпіш бригадир болып жүрген жылдары бекіре балығын көп ұстап, кей күндері ұзындығы екі метрден асатын балықты тұтастай үйге әкеліп жүрген кезі болған.

Негізінен Зайсан көлінде бұрыннан болған жергілікті балықтар; бекіре, нәлім, ақ балық, ақ шабақ, алабұға, табан, шортан, қара балықтар. Қалған балықтарды әр жылдары басқа жақтан әкеліп Зайсан көліне жерсіндірген. Олар 1950-ші жылдары Сазан балығы мен ондатрды, 1960-жылдары таран балығын (лещ), 1980-ші жылдары көксерке балығын (судак). Соңғы 2000-ші жылдан беріде Сібір бекіресін, буфала, толстолоб балықтарын Зайсан көліне жіберіп жерсіндіру жұмыстары атқарылған.

Балықшы ауылдық округінің тарихы туралы көнекөз қариялардан естіген, әр жерден оқыған ақпараттарды ұсына отырып жағалау халқын балықшылар күні мерекесімен құттықтаймын. Ерте заманнан Зайсан көлі жағасында тамырларын тереңге жайған жағалау халқының болашағы жарқын болары анық.

Қуанған Қарағызов,  
Күршім ауылы